

І ТУЫ

ІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

декабрь Сәрсенбі

Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тыйын

Партияның XIX съезінің қарарлары—елімізде коммунистік қоғам орнатудың нақтылы программасы болып табылады.

Барлық күш-мүмкіншілік съезд қарарларын мүлтіксіз орындауға жұмылдырылсын.

кең

Көктемгі егіске барлық жағынан үлгілі әзірлену—басты міндет

★

Егіске сапалы тұқым әзірлеу керек

сының жайы да езд материалдарын үгітшілердің дауыс-немесе ара-тұрағын келеді. Ал, тұрады. Жамбыл колхозшыларының баяндамаларын иналарды көрмеген. Бастауыш партия Сайдуов жол-партия комитетінің насихаттау ісіне арлық іс. іні насихаттау ісі нінде ғана емес, аудандарында да із жүргізіліп отыр. тетінің екінші пленгының Коммунистік езінң қарарларын республика партия туралы қаулы және партиялық әрі жақсарту мақса- Партия ұйымдары атіксіз жүзеге асы- съезінің қарарла- барған сайын жақ-

Алдағы жылы егіннің барлық көлемінен мол және тұрақты өнім алу жолындағы күресті күшейте отырып, Преснов МТС-нің қамтуындағы озат колхоздар тұқым қорын жеткілікті құйып, оны көктемгі егіске мұқият әзірлеуде.

Бұл жөнінде МТС қамтуындағы Сталин атындағы колхозды (председателі Михайлов жолдас) мысалға алуға болады. Партияның XIX съезінің қарарларымен, кемеңгер көсеміміз Сталин жолдасының съездің қорытынды мәжілісінде сөйлеген сөзімен жігерленген колхозшылар тұқым қорып құйып, көктемгі егіске әзірлік жұмыстарын дерезінде қолға алды.

Мұнда тұқым қорын тазалап, өнгіштік сапаға жеткізуге қолда бар күш-мүмкіншілік толық жұмылдырыған. Тұқымдық дәнді себу дәрежесіне жеткізе тазалап, сорттауға тәжірибелі колхозшылар бөлініп, оларға күндік тапсырма тағайындалып берілді. Дән тазалағыш машиналарды толық қуатымен жұмысқа қосып, колхозшылар тұқым дайындауда үздік еңбек етті. Сөйтін, олар сменалық тапсырманы үнемі орындап отырты.

★

мол өнімнің қамын ойламай отырғандар

«Колос» колхозы —Кониюхов ауданындағы егін шаруашылығы өркендеген колхоздардың бірі. Быйыл колхозшылар өгін өнімін едәуір арттырып, астық дайындауда бірқатар табыстарға жетті. Колхоз басшылары өгін шаруашылығында қол жеткен табысты баянды ету жолындағы күресті күшейтін, алдағы жылы дәнді дақылдардың шығымдылығын арттырудың шараларын жүзеге асыруды ұйымдастыруға тиісті еді. Бірақ, жағдай бұдан басқаша болып отыр. Мұнда бесінші бесжылдықта алға қойылған басты міндетті —дәнді дақылдардың өнімін арттыру міндетін ойдағыдай жүзеге асыру жолындағы күрес нашар ұйымдастырылған.

Бұл колхозда қысқы агрономиялық шаралар жүзеге асырылуы мүлдем қанағаттанғысыз. Алдағы жылы өгін өнімін арттырудың шешуші шарты—тұқым дайындау, оны өнгіштік сапаға жеткізу, егістік алаңға қар тоқтату және жергілікті тыңайтқыштар жыйнау жұмыстары әлі күнге дейін қолға алынған жоқ.

Агрономдардың мол өнім алу жолындағы

жұмыстарын үлгілі ұйымдастыруға белсене араласпайды. Бригадаларда еңбек ұйымдастыру ісі өте-өте нашар.

Бұл екі колхозға Суворов МТС-нің участоктік агрономы Фатов жолдас бөлінген. Алайда, Фатов жолдас өзіне жүктелген жұмысқа немқұрайды қарайды. Ол колхоздарда оқта-лекте ғана болып, қысқы агрономиялық шараларды ойдағыдай жүзеге асыруға, көктемгі егіске сортты тұқым әзірлеу, егістік алаңға қар тоқтату және тыңайтқыш заттар жыйнау жөнінде колхозшыларға жеткілікті көмек көрсетпейді.

Осы сияқты, «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозында (председателі Ишутин жолдас) осы уақытқа дейін бір гектар жерде қар тоқтатылған жоқ. Мұнда егістік алаңға қар тоқтататын қалқандар жасау, орнату жұмыстары қолға да алынбаған.

Жалғыз бұл емес, Кониюхов ауданының көп колхоздарында қысқы агрономиялық шаралардың жүзеге асырылуы мүлдем

Халықтық демократия елдерінде

Румыния еңбекшілерінің табыстары

БУХАРЕСТ, 15 декабрь. (СОТА). Румынияның өнеркәсіп орындары мен транспорттың 30 декабрьде Румын Халық Республикасының жарияланғанына — 5 жыл толуы құрметіне еңбек жарысы көнінен/өріс алуға. Осы датаны атап өту құрметіне Бухарестің 100-ден астам кәсіпорындарының коллективтері жылдық жоспарды орындап, 1953 жылдың есебіне жұмыс істеуде. Сол сияқты, Арадск облысының 33 фабрикалары мен заводтары да жылдық жоспарды орындап, келесі жылдың есебіне өнім беруде. Решницк металлургия комбинатының 37 бригадасының мүшелері ендірістік тапсырманы біржарым-екі есе орындауда. Осы кәсіпорнының прокатчиктері кеше келер жылдың есебіне жүздеген тонна өнім берді.

Клужа және Клужск облысының 53 фабрикасы мен заводтарының жұмысшылары 12 айлық программаны аяқтады.

23 август атындағы Бухарестің ауыр машина жасау зауытының коллективі, ауыр машина құрылысының «Стагил Рошу» зауыды және Сталин қаласындағы трактор зауыды, Г. Георгиу—Деж атындағы Хунедоарск металлургия комбинатының және басқа кәсіпорындарының коллективтері графикте көрсетілгеннен өнімді әлде қайда

Октябрь ауданындағы Жамбыл атындағы «Қазақстанның 30 жылдығы» колхоздарында үгіт және насихат жұмысы бетімен жіберілген. Жамбыл атындағы колхоздың № 2 бригадасындағы колхозшылардың күні бүгінге дейін партияның XIX съезі жөнінде бірде-бір үгітшінің әңгімесін естімеуі немесе баяндама тыңдамауы тіпті төзгісіз іс. Ал, колхоз орта-

Міне, сондықтан біз бүкіл саяси-бұқаралық, насихат және мәдени-ағарту жұмыстарының өрісін кеңейтіп, дәрежесін арттыра беретін болуымыз керек.

Облыс партия ұйымы съезд қарарларын насихаттау ісін жана талаптарға сай ұйымдастырып, еңбекшілерді шаруашылықтың барлық саласында жаңа табыстарға бастай береді.

РСФСР еңбекшілер депутаттарының өлкелік, облыстық, округтік, аудандық, қалалық, селолық және поселкелік Советтерінің сайлауын өткізу туралы

РСФСР Жоғарғы Советі Президиумының Указы

Россия Советтік Федеративтік Социалистік Республикасы Жоғарғы Советінің Президиумы қаулы етеді:

РСФСР еңбекшілер депутаттарының өлкелік, облыстық, округтік, аудандық, қалалық, селолық және поселкелік Советтерінің сайлауы 1953 жылғы 22 февральдағы жексенбі күнге тағайындалсын.

РСФСР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі

РСФСР Жоғарғы Советі Президиумының Секретары

Москва, 15 декабрь 1952 жыл.

М. ТАРАСОВ.

И. ЗИМИН.

В. А. Малышев жолдасты Ленин орденімен наградтау туралы

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы

В. А. Малышев жолдастың туғанына 50 жыл толуымен байланысты және оның совет индустриясын дамыту саласындағы совет мемлекеті алдындағы еңбектерін ескере отырып, Вячеслав Александрович Малышев жолдас Ленин орденімен наградталсын.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретары

Москва, Кремль. 15 декабрь. 1952 жыл.

Н. ШВЕРНИК.

А. ГОРКИН.

МІНСІЗ САПАЛЫ МАТА ШЫҒАРУ ҮШІН

ҰЗЫНАҒАШ. (Алматы облысы). (ҚазТАГ). Қарғалы шұға комбинатының коллективі Обуховтың Ленин атындағы жұқа шұға фабрикасының тоқымашысы стахановшысы Н. Омельченкованың бастамасын қуаттай отырып, шығарылатын өнімнің сорттылығын арттыру үшін жарысуда. Қәсіпорындарында матаның сапасын жақсар-

ту, шикізатты үнемдеу, еңбек өнімділігін арттыру жөніндегі ұсыныстар жыйнала бастады.

Мінсіз сапалы мата шығару үшін жарыс нәтижесінде комбинат бірінші сортты өнім шығаруды жоспар бойынша 89,7 проценттің орнына 91 процентке жеткізді.

В. КУНГУРЦЕВ,
Преснов МТС-нің участоктік агрономы.

комбайн, 17 сеялка және 1 культиватор жөндеді.

Петропав
аға инжне

Қазақстан кәсіподақтары советінің VI пленумы

10 декабрьде, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің мәжіліс залында Қазақ ССР кәсіп одақтары советінің кезекті VI пленумы болды. Пленум Совет Одағының Коммунистік партиясының XIX съезінің қарарларына байланысты республиканың кәсіподақ ұйымдарының жұмысы туралы Қазақстан кәсіподақтары советінің председателі Ә. Б. Бейсенов жолдастың баяндамасын талқылады.

Баяндамашы және жарыссөзде сөйлеушілер партияның XIX съезінің тарихи қарарлары және Сталин жолдастың «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген данышпандық еңбегі бүкіл совет халқы сыяқты, Қазақстанның еңбекшілерін коммунизмнің жеңісі жолындағы қажырлы еңбекке рұхандандырғанын атап көрсетті.

Жылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау жолында республикалық жарыс бастаған Қазақ металлургия заводы 1953 жылдың есебіне болат прокатын шығаруда. Қарағандының жеті шахтасы және екі көмір разрезі жылдық тапсырмадан тыс көмір беруде. Жылдық өндірістік программаны орындаған кәсіпорындардың ішінде Дон хромит рудниктері, «Арал-сульфат» комбинаты, Семей мақта жіп иіру фабрикасы мен Алматының № 1 аяқ киім фабрикасы, Орал мыя заводы мен Алматының № 3 кірпіш заводы және басқа көптеген кәсіпорындар бар.

Обуховтың Ленин атындағы жұқа шұға фабрикасының стахановшысы Н. Амельченкованың бастамасы бойынша республиканың жеңіл өнеркәсіп орындары өнімнің сорттылығын арттыру үшін жарысқа қосылуда.

Жарыссөзде сөйлеушілер кәсіподақ ұйымдарының ұйымдастыру-бұқаралық жұмысының дәрежесі партияның XIX

съезінің қарарларынан туатын талаптардан әлі де кейін қалып отырғанын атап көрсетті. Қазақстан кәсіподақтары советіне елеулі талаптар қойылды. Оның бөлімдерінің төменгі кәсіподақ ұйымдарына қажетті көмек көрсетіп отырмайтындығы, өз жұмысында таланткерлік және табандылық көрсетпейтіндігі айтылды.

Байланыс қызметкерлерінің республикалық кәсіподақ комитетінің председателі Коновалова жолдас және басқа шығып сөйлеушілер кәсіподақ қызметкерлерінің көп уақыты Қазақстан кәсіподақтары советінің көптеп талап етуі бойынша әртүрлі есептер мен мәліметтер жасауға кететінін айтты.

Кәсіподақ ұйымдары жұмысының дәрежесін көтеру ісі қабылданған қарарлардың орындалуын тексеруді жақсартуға тығыз байланысты. Алайда кәсіподақ ұйымдарында қабылданған қарарлардың орындалуын бақылау ісі нашар.

Тамақ өнеркәсіп жұмысшыларының республикалық кәсіподақ комитетінің председателі Решетников жолдас, Павлодар облыстық кәсіподақтары советінің председателі Мулюков жолдас және басқа кейбір сөйлеушілер тұрғын үй құрылысындағы, жұмысшылар мен қызметшілерді мәдениет-тұрмыс жағынан қамту ісіндегі кемшіліктер үшін Қазақстан кәсіподақтары советін, Тамақ өнеркәсібі министрлігін, Совхоздар министрлігін, республиканың басқа да бірқатар министрліктерін сынады.

Көптеген министрліктер мен ведомстволар өнім шығаруды арттыру, оның сапасын жақсарту, өзіндік құнын кеміту үшін кәсіпорындарындағы ішкі қорларды нашар пайдаланады. Облыстық кәсіподақтары советтері, республикалық және облыстық комитеттер, министрліктердің

коллегияларының председателінің оқталы қарарлардың жұмысымен өнеркәсіп оның тәжірибесіне алмасу Кәсіподақтары және облыс қызметкерлеріне лады.

Пленум қаланың бапартияның жұмыстарын ды тапсырды

Кәсіподақның мем және асыратын өнімнің оның өзіндік ды, шикізат жұмсау үшін пайдалану тапсырылды.

Қазақстан дуумының, терінің, респтық, фабрика митеттерінің тұрмыс құры орындау жөндің башшыла туге тиіс екемелерінің, са: ну кәсіпорын ды жұртшылы руға тиіс еке да атап көре

Пленум ұйымдарына қаралық -тәрб жұмысшылар мунистік сана

Халықтардың бейбітшілікті қорғау Конгресі

13 декабрьдегі таңертеңгі мәжіліс

ВЕНА. 13 декабрь. (СОТА-ның арнаулы тілшісімен). Бүгін халықтардың бейбітшілікті қорғау Конгресінің таңертеңгі мәжілісінде Индия делегациясының басшысы доктор Кячлю председателдік етті.

Бельгия парламентінің депутаты еоциалистка Изабелла Блюм Президиум

атынан Конгресте мына мәселелерді талқылауды ұсынды: халықтардың ұлттық тәуелсіздігі мен хауіпсіздігі туралы және соғысты тоқтату туралы, еңалдымен Конгресте соғысты тоқтату туралы және халықаралық жағдайдың шиеленісуін бөксендету қажеттігі туралы. Конгресте ка-

тысушылар президиумының бұл ұсынысын бірауыздан қабылдады.

Бұдан кейін Қытайдың белгілі қоғам қайраткері Сун Цзин-лин сөз сөйледі. Сун Цзин-линнің сөзі ду қолшалапалакталып қарсы алынды.

Бұдан кейін Германияның бұрынғы рейхстандлері Поэф Вирт сөз сөйледі.

13 декабрьдегі кешкі мәжіліс

ВЕНА. 14 декабрь. (СОТА). Кеше кешкі мәжілісте ағылшын лейбористі, темекі өнеркәсібі жұмысшылар кәсіподағының бас секретары методикалық шеркеудің свиченигі Перен Белчер бірінші болып сөз сөйледі.

Бұдан кейін Индияның белгілі экономисті Куларанна трибунаға шықты.

Одан кейін председателдік етуші Конгрестің атына АҚШ-тан екі хат келгенің, бұл елден Венаға делегаттар түгел келе алмағандығын жариялады. Бірінші хат АҚШ-тың Конгресті шақыру жөніндегі

инициатива комитетінің секретары Эпхаустан келген, ол Конгресте қатысушыларды құттықтап, Конгрестің бейбітшілікті қорғау ісіне зор үлес қосатындығына сенім білдіреді.

Екінші хат 100 мың мүшесі бар кешілер мен металлургер кәсіподағының Нью-Йорк бөлімшесінің председатели Пеццардиден келген. Ол өзінің хатында американы жұмысшыларының —бұл кәсіподағы мүшелерінің бейбітшілікті сақтау мәселесіне зор маңыз беретінін және бейбітшілік үшін күресті өзінің негізгі міндеті

деп есептейтінін мәлімдеген.

Конгресте делегаттары совет жазушысы Пля Эренбургтың трибунаға шығуын ду овация жасап қарсы алды.

Председателдік етуші Конгрестің екі күнгі жұмысы кезінде президиумге түрлі елдерден Конгресті қуаттап қолдайтындығын білдірген көптеген құттықтау хаттар келгендігін жариялады.

Кеше кешкі мәжілісте Аргентина Конгресінің бұрынғы депутаты Джон Вильямс Кук және Боливия жазушысы Хесус Лара сөз сөйледі.

14 декабрьдегі таңертеңгі мәжіліс

ВЕНА. 14 декабрь. (СОТА). Бүгін халықтардың бейбітшілікті қорғау Конгресінің таңертеңгі мәжілісін Қытай Халық Республикасының белгілі қоғам қайраткері Сун Цзин-лин аяпты. Ол Венесуэльдін «демократия мен бейбітшілік үшін күрес Комитетінің» председатели генерал Хосе Рафаэль Габальдонга сөз берді.

Бұдан кейін трибунаға жұрт қызу қарсы алған, Совет Одағы мұсылмандарының өкілі Ахунд Ага Али-зада трибунаға шықты.

ВЕНА. 14 декабрь. (СОТА). Бүгінгі күндізгі мәжілісте итальян парламентінің депутаты Джузеппе Нигти председателдік етті.

Бұдан кейін Австрия делегациясының мүшесі профессор Добрец Баргер сөз сөйледі.

Делегаттар Корей делегаткасы Ен Ен Сунның сөзін зер сала тындады, ол корей аналары мен әйелдерінің қайғы-қасреті жөнінде, бүкіл корей халқының өзінің бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы қаһармандық күресі жөнінде айтты.

Конгресте делегаты поляк жазушысы Ивашкевич өзінің сөзін халықтардың тәуелсіздігі мен хауіпсіздігі мәселелеріне арнады.

Адвокат Освальдо Родригес Хименес (Косто-Рика) өзінің қысқа сөзінде Біріккен Ұлттар Ұйымының, атап айтқанда, Халықаралық Соттің жұмысын қасты сө-

Бұдан кейін Афины университетінің профессоры, грек үкметінің бұрынғы министрі Коккалис сөз сөйледі.

Бұдан соң сөз сөйлеген Болгария Ғылым академиясының президенті Тодор Павлок Болгария делегациясы өкілдерінің түрлі сыйпатты екендігін, оның құрамында халықтың түрлі топтарының өкілдері бар екендігін айтты.

Таңертеңгі мәжілістің соңында ағылшын лейбористкасы Бирстл қысқаша сөз сөйледі.

14 декабрьдегі күндізгі мәжіліс

де Ла Вижери Конгресте жұмысының қабылданған тәртібі халықтарды толқытатын барлық мәселелерді талқылайтынның атап көрсетті. Конгрестегі екі күнгі ай-


АМЫ
3

үгітшілік өңгімесін ара жүрүшілер-көпшілік-коммунист бойы осы тәжірибелі еке ортақ ті алған тер өсіп.

ерма да мыс істеп іп дұрыс үші қол-ін жақсы е басқар-ист Гла-ермасыда йымдасты-ып көбей-көлімдегі ын кен

Потехни мал шар-ежелерді жиі рүшілерінің д өсіруші-қортады. колхозшы-

атындағы ің партия дн осылай өі аталған ынығылық-мүмкінші-е Приешім ығайында-дырылады. тәулігіне



Приешім аудандық өндіріс комбинаты этажеркалардың, гардеробтардың, шкафтардың және столдардың түр-түрін жасап шығарады.

СУРЕТТЕ: стахановшы ағаш шебері В. Хижняк жолдастың этажерка жасап тұрған кезі.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Съезд материалдарын насихаттауда

Преснов ауданындағы Аманкелді атындағы ауылшаруашылық артелінің кітапханасы (менгерушісі А. Ибрагимов жолдас) үгіт-бұқаралық жұмыстардың орталығына айналуда. Мұнда соңғы кезде «Коммунизмнің алып құрылыстары туралы және СОКП XIX съезінің материалдары бойынша бірнеше рет баяндамалар жасалып, съезд қарарлары колхозшыларға кеңінен түсіндірілуде. Сөйтіп, колхозшылар арасында съезд материалдарын насихаттауда кітапхана менгерушісі Ибрагимов жолдас колхоз партия ұйымына нақтылы көмек көрсетуде.

С. СЕРІКБАЕВ.

Колхоз партия ұйымының есебінде 17 коммунист тұрады. Олардың көпшілігі мал шаруашылығының жауапты участоктеріне

ҚКП Преснов аудандық комитетінің секретары.

өзінше мал өнімдерін тапсыру жұмысын қызу жүргізуде.

қа саласындағы прогресс жөнінде айтып берді.

Тайланд делегациясының мүшесі Каньянамит

Политехникалық оқуға көшу жөніндегі міндеттеріміз

Данышпан көсеміміз Сталин жолдас өзінің «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген тарихи еңбегінде социалистік қоғамды одан әрі дамытудың ғылыми негізін белгілеп, социализмнен коммунизмге бірте-бірте өтудің жолдарын көрсетіп берді. Сталин жолдас бұл еңбегінде коммунизмге шын мәнісінде көшуді әзірлеу үшін қажет болатын негізгі үш алғы шарттардың бірі — «...қоғам мүшелері қоғамдық дамудың белсенді қайраткерлері боларлықтай жеткілікті білім алуға мүмкіндік алатын болуы керек, олар, кәзіргі еңбек бөлісінің әсерінен, бүкіл өмір бойы белгілі бір мамандыққа байланып қалмай мамандықты еркін таңдауға мүмкіндік алатын болуы керек» деп үйретеді.

Сталин жолдасының данышпандық нұсқауларын басшылыққа ала отырып, Совет Одағының Коммунистік партиясының XIX съезі бесінші бесжылдық жоспар туралы қабылдаған директиваларында елімізде коммунистік қоғам орнатудың кезекті міндеттері мен жолдарын белгілеп берумен бірге, мектептеріміздің алдына орта мектепте политехникалық оқуды жүзеге асыруға кірісу, жалпыға бірдей политехникалық оқуға көшуге қажетті шараларды жүзеге асыру міндетін қойды.

Кәзір, елімізде социалистік шаруашылық жыл санап өсіп, оның барлық салаларында Отандық ең жаңа озат техника, әсересе, электр қуаты кеңінен пайдаланылып отырғанда ағамдарымыздың жалпы оқуды еңбекпен ұштастыра жүргізе алатындай білімді болуы талап етіледі. Сондықтан да жаңа бесжылдық жоспарда политехника-

лық оқуға көшу мәселесіне ерекше зор көңіл бөлініп отыр.

Политехникалық оқуға көшу ісі халық ағарту орындары мен мектептердің алдына жаңа зор міндеттер қояды. Политехникалық оқуды жастарға ұсақ қол өнер тәрбиесін беру деп қана түсінуге болмайды. Политехникалық оқу арқылы жастарға мектеп программалары көлемінде жалпы білім берумен бірге, мектеп бітіріп шығушы оқушылардың ғылыми-теориялық білімді ендіріс тәжірибесінде пайдалануға, өндірісте өз бетімен жұмыс істеуге үйрету, жастарға белгілі бір еңбек білімін беру және мамандықты еркін таңдап алуға жағдай туғызу міндеті қойылады.

Бұл міндеттің іс жүзінде, мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз ету үшін политехникалық оқуды жүзеге асыру мақсатымен мектептерде физика, табиғат тану, химия кабинеттерін көрнекі құралдармен толықтыру, жаңадан кабинеттер, оқулық мастерскойлар ашу, өндіріс орындарына, МТС-терге, электр станцияларына әкекурсияларға баруды ұйымдастыру керек болады. Сонымен бірге, әрбір пән бойынша программаларда көрсетілген тәжірибе және лабораториялық жұмыстардың үнемі толық орындалып отыруын қамтамасыз ету қажет. Әресе, физика, химия, биология, математика, география, сызу пәндерінен тәжірибе жұмыстарын жүргізуге ерекше көңіл бөлінуге тиіс.

Политехникалық оқуды жүзеге асыруда еске алатын негізгі бір мәселе — әрбір мектеп жанынан тәжірибе участогінің ұйымдастырып, биология пәні бойынша оқу-

шылардың теориялық білімдерін тәжірибемен ұштастыра отырып, ауыл шаруашылығының ғылыми негіздерін меңгеруге үйрету болып саналады. Сонымен бірге, жоғары класс оқушылары үшін техника үйірмелерін, төменгі класс оқушылары үшін «Шебер қолдар» үйірмесін ұйымдастырған жөн.

Облысымыздың алдыңғы қатарлы кейбір мектептері оқушыларға политехникалық білім беру жөнінде кәзірдің өзінде бірқатар шараларды жүзеге асырып отыр. Мәселен, Октябрь ауданындағы Ленин орта мектебінде 8-10 класс оқушылары үшін техникалық үйірме ұйымдастырылды. Үйірме жұмысына 50-ден аса оқушы қатысып, кәзір трактордың құрылысын және оны жүргізуді үйреніп жүр. Осы аудандағы Бауан жетіжылдық мектебі жанындағы тәжірибе участогінде оқушылар биология пәні сабағы бойынша түрлі өсімдіктердің өсуін зерттеу жұмыстарымен шұғылданады.

Мамлют орта мектебінің оқушылары дарвинизм және биология ғылымына байланысты түрлі тәжірибе жұмыстарын жүргізу арқылы класта алған білімдерін ауыл шаруашылығына тәжірибемен ұштастырып отырады. Мәселен, оқушы Бурнаева екі-үш жыл бойына картоп өсірумен шұғылданып келеді. Ол быйыл бір гектар жерден 1400 центнер өнім алып, рекорд жасады. Ал, осы мектептің оқушысы Лесочкин көп масақты бидай өсірудің әдісін меңгеріп, үстіміздегі жылы бидайдың бір сабағында 8 масақ өсірді.

Сол сияқты, қаладағы Ленин атындағы орта мектепте «Өнерді қолдар» үйірмесі ұйымдастырылған. Оған 50 оқушы қатысады. Үйірме мүшелері мектептегі физика кабинетінің түрлі көрнекі құралдарын өздері жөндеп, кейбір көрнекі құралдарды өз қолдарымен жасады.

Электрді, оның қуатын пайдалану әдістерін оқып үйрену жөнінде №4-қыздар орта мектебінің оқушылары физика сабағында электр қуатын үйреніп қана қоймай, электр қуатының бір түрден екінші түрге қалай көшетінін дәлелдейтін құрал жасап шығарды.

Булаев орта мектебінде де оқушыларды политехникалық біліммен қаруландыру ісіне ерекше көңіл бөлінуде. Мұнда оқушылардың күшімен электр үстелі — «көшпелі электр кабинеті» жасалды. Бұл үстелдің үстінде электр қуатын оқып үйрену жөнінде тәжірибе жұмыстары жүргізіледі.

Міне, бұл айтылған фактілер облыс мектептерінің қай-қайсысында болса да политехникалық оқуға көшуге толық мүмкіндік бар екендігін көрсетеді. Еске алатын бір нәрсе, мектеп басшылары политехникалық оқуда бір жақтылыққа салынудан аулақ болулары керек. Ол үшін қала мектептерінде оқушыларды ауыл шаруашылығымен, ауыл-селолық мектеп оқушыларын өнеркәсіп жұмыстарының процестерімен іс жүзінде таныстырып отыру қажет.

Мектептерде жастарға политехникалық білім беруді сапалы жүргізу үшін оқытушыларымыздың политехникалық тәрбиенің ғылыми негіздерін жақсы білуімен қатар, өздерінің де политехникалық білімі болуы талап етіледі. Сондықтан халық ағарту бөлімдері политехникалық оқуды жүзеге асыруға әзірлік жүргізе отырып, оқытушыларды политехникалық біліммен қаруландыруға да көп көңіл бөлулері қажет. Бұл үшін түрлі қысқа мерзімді курстар, семинарлар ұйымдастыру, оқытушылар кеңесінде, әдіс бірлестіктерінде политехникалық тәрбие беру туралы арнаулы лекциялар оқу ісіне жете назар аударылған жөн.

Коммунистік партия қарарларында көрсетіліп алдына қойылды жүзеге асыру үміткерлері мен мектептерінен да көп ыбарлық білімдері мен жастарға политехникалық білімді талғатты миымыздырулары керек.

Жас ұрпақтарымыз алға қойған міндетті толық орындауда совет, кәсіподақ және оқу бөлімдері міндетінде көмек көрсеті.

Мектептер жанын скойларын ұйымдастырып алған зор көмек көрсете өнеркәсіп орны өндіретін құрал-саймандық мастерскойларын үшін зор көмек.

Халық ағарту оқу коллективтері орта политехникалық оқуға көп жаңа бесжылдықта техникалық орта мектептің міндетін орындау және абырлық іс еңбегін шығармаулардастың «ССРО-да экономикалық проблемаларды шешу» ісі мен СССР XIX бесжылдыққа ала отырып оқуды ойдағы аблыс мектептерінің

Облыстық оқу бөлімі орынбасары.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 1-33-2, корректорлар бюросы — 4-39, Газет баспасы — 0-22, газет табыс